

Шолпан Қапанова

Білім беру саласының дамуына сүбелі үлес қосып, сұранысқа сай сапалы кадр даярлап, ел игілігі жолында елеулі еңбек етіп жүрген оқытушылар туралы «Біздің педагог» атты айдарымызды ұсынамыз.

«Қаржы, есеп және аудит» кафедрасының аға оқытушысы Шолпан Қапанова университетте 25 жылдан бері қызмет етуде.

Шолпан Аманжолқызы – 2 оқу құралының авторы. Ринц журналына, ҚР БҒМ білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдар тізбесіндегі жарияланымдарға мақалалары жарияланған.

Халықаралық және республикалық конференциялар бойынша 75 мақаласы жарық көрген. Ұстаздың шәкірттері – республикалық пәндік олимпиадалардың, халықаралық онлайн пәндік олимпиадалардың жеңімпазы.

Шолпан Аманжолқызынан тәлім алған білім алушылардың көбі қазір елге белгілі сала мамандары.

Айталық, олардың қатарында «Қазақстан стандарттау және метрология институты» РМК, бас сарапшысы Сәндігүл Ақмырзаева, «Ресей» жинақ банкі» АҚ ЕБ Қызылорда бөлімшесінің бастығы Айдос Жетпісбай, «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ-ның Қызылорда облысы бойынша филиалы, әлеуметтік сала бойынша Қазалы аудандық бөлімінің басшысы Тәуірбай Құлмұрат, ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік сатып алу комитетінің бас сарапшысы Талғат Төлепбергенов бар.

Шолпан Аманжолқызы «Bilim-orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастырумен өткен конкурста «Қазақстанның құрметті педагогы» медалімен, «ҚР білім және ғылым саласына қосқан ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.